

Атырау облысында ортақ су пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы

Атырау облысы мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 94-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 сәуірде № 3834 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38 бабына сәйкес, VI шақырылған облыстық мәслихат кезектен тыс X сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Атырау облысында ортақ су пайдаланудың Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология, табиғатты пайдалану және аграрлық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Е. Ихсанов) жүктелсін.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Ю. Кустадинчев

С. Лұқпанов

Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 17
наурыздағы № 94-VI шешіміне
қосымша

Атырау облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары

1. Осы Атырау облысының ортақ су пайдаланудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 38-бабының 1) тармақшасына және "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

5. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдалануға:

- 1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;
- 2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда, жаппай демалу, туризм және спорт мақсаттарында;
- 3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;
- 4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

7. Шаруашылық - ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық – эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша облыстың жергілікті атқарушы органы белгілейді.

Ескерту. 8-тармақ мемлекеттік тілінде жаңа редакцияда, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Атырау облыстық мәслихатының 30.09.2022 № 187-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

11. Облыстың жергілікті өкілді органы маслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану қағидаларында Атырау облысы аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлерді айқындайды.

12. Облыстың жергілікті атқарушы органы Атырау облысы аумағында орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

13. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер облыстың жергілікті өкілді органының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялайды.

14. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы облыстың жергілікті өкілді органына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

14-1. Облыстың жергілікті өкілді органы маслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.

15. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық ауыз-су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

15-1. Су пайдаланушы облыстың жергілікті өкілді органынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға тыйым салынатыны және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

16. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

- 1) су объектілерін ұқыпты пайдалануы;
- 2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;
- 3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауы;
- 4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыс және басқа да қалдықтармен қоқыстауға, іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

17. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

- 1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;
- 2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;
- 3) ескерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылмаған орындарда шомылуға;
- 4) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға;
- 5) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;

6) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;

7) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды үлкендердің қарауынсыз тастауға жол берілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ